**ЦИКЛОГРАММА**

***Екінші апта (12.03-16.03.2018 ж.)***

**№12 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы «Гүлдер»**

**Өтпелі тақырып:** Ертегілер елінде. Театр әлемі

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау**<br>Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br><br>Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру | | | | |
| | Саусақ ойыны: «Менің отбасым» | Дидактикалық ойын: «Лото» | Дидактикалық ойын : «Қандай түсті зат» | Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр» | Үстел үсті ойыны – пазл: «Дұрыс әрекетті тап» |
| | **Жалаушамен орындалатын жаттығу №5** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Көркем сөз:**Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолды жу.<br>Тазалықтың досы –<br>Су дегенің осы.<br>**Ойын- жаттығу:** Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмиміз | | | | |
| **Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **№3.13 «Табиғат құбылысы»**<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Шарты**: Балалар шеңбермен тұрады,тәрбиеші «су»десе қолдарын алдына созады, «ауа» | **№2.14 «Бізге не келгенін тауып ал?»**<br>**Мақсаты**: Айтылуы мен есту жағынан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру.<br>**Шарты:** «мө-мө-мө,бұл не мөңіреп жатқн Аслан?»дейді тәрбиеші. | **№3.8 «Ажырат»**<br>**Мақсаты:** қысқы киімдерді жазғы киімдерден ажырата білу<br>**Шарты**: Қысқы киімді көк қорапқа,жазғы киімдерді сары қорапқа салу,оларды атау | **№5.17«Кім тез табады?»**<br>**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br>**Шарты:** Текшеде отбасы суреттері көрсетілген суреттерді көрсету. Балалар текшеде бейнеленген отбасы мүшесін жылдам айтады. | **№5.11«Кемпірқосақ түстер» ойыны**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың түстер жайлы білімдерін бекіту.<br>**Шарты:** Тәрбиеші бір түсті атайды, ал балалар есіңе сондай затты түсіріп атайды |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дегенде жоғары көтереді, «жер»дегенде қолдарын төменге түсіреді. кім жаңылса сол ойыннан шығады. | «мяу-мяу,Әйгерімсаған келіп тұрған не?», «Айдынға біреу келді пи-пи» деді. Ол не? Ойын осылай жалғаса береді. | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Топпен бірқалыпты жүру және жүгіру. Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру. Жоғары тіреуіште жүруде тепе-теңдікті сақтап және денені тік ұстап, заттардың үстінен аттау.<br>**Барысы:**<br>1Бірқалыпты топпен жүру және жүгіру<br>2.Ж.Д.Ж.<br>3. Жоғары тіреуіште жүруде тепе-теңдікті сақтап және денені тік ұстап, заттардың үстінен аттау.<br>4.Қ.О. №1.19«Жалаушаны жеткіз» | **Дене шынықтыру.**<br>**Мақсаты:** Түзу бағытта біркелкі қадаммен жүру және бірқалыпты жүгіру. Жоғары тіреуіште жүруде тепе-теңдікті сақтап және денені тік ұстап, заттардың үстінен аттау. Допты бір-біріне лақтыру және оны қос қолымен қағып алу.<br>**Барысы:**<br>1.Түзу бағытта біркелкі қадаммен жүру және бірқалыпты жүгіру.<br>2.Ж.Д.Ж.<br>3.. Допты бір-біріне лақтыру және оны қос қолымен қағып алу<br>4.Қ.О. №1.17«Өз орныңды тап»<br>**Драмма**<br>**Мақсаты:** Адамгершілік нормалары туралы | **ҚҰМҚ**<br>**Мақсаты:** Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға үйрету. Шарды шеңбермен салыстыра отырып таныстыру.<br>**Барысы:**<br>1.Пішін туралы білімдерін бекіту.<br>2.Д/О:«Дөңгелек затты атап,тап».<br>3.Сергіту сәті<br>4.Қорытынды<br>**Экология негіздері**<br>**Мақсаты:**Көктем мезгілінде адамдардың іс-әрекетіне зейіндерін аудару дағдыларын дамыту. Ауа райын бақылау дағдыларын жетілдіру және бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілеу. | **Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Қолдарын беліне ұстап бірқалыпты жүру, жүгіру. Допты бір-біріне лақтыру және оны қос қолымен қағып алу. Еденге салған тақтай бойымен қос аяқпен секіру.<br>**Барысы**:<br>1. Қолдарын беліне ұстап бірқалыпты жүру, жүгіру.<br>2.ЖДЖ<br>3. Еденге салған тақтай бойымен қос аяқпен секіру.<br>4.№1.26 -Күн мен жаңбыр<br>**Орыс тілі**<br>**Мақсаты:** Учить отвечать на короткие вопросы простыми предложениями, слушать, понимать и | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты:** Сурет бойынша, өздеріне таныс ертегілердің мазмұнын қысқаша баяндай білуге үйрету. Ертегілерді талдау кезінде өздерінің сезімдері туралы әңгімелеу. Ертегі кейіпкерлерін сахналау.<br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері<br>2.Ертегілерді естеріне түсіру<br>3.Сергіту сәті<br>4.Д/О «Қай ертегі кейіпкері екенін тап» Қорытнды<br>**Сурет салу**<br>**Мақсаты:** Балаларды суреттерінде сүйікті ертегі кейіпкерінің бейнесін құруға үйрету: денесінің пішінін, басын және басқа оған тән |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жаратылыстану.**<br>**Мақсаты:**<br>Саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Улы саңырауқұлақтардың адам өміріне қауіпті екендігі туралы айта отырып, жеуге жарамды ақ саңырауқұлақпен саңырауқұлақ пен улы боз арамқұлақты түріне қарап танып, айтып беруге үйрету.<br>**Барысы:**<br>1.Балалармен әңгіме ұйымдастыру.<br>2Санырауқұлқтардың табиғаттағы маңыздылығы. Видео.<br>3.Д.О. «Санырауқұлақтарды ажырат»<br>4.Сергіту сәті<br>Қортындылау<br>**Музыка.**<br>**Мақсаты:** Киіз үй | түсінік беру. Өз ойын білдіріп, басқалардың пікіріне құлақ асып, ұлдар мен қыздарға тән мінез-құлық ерекшелігін талқылау.<br>**Барысы**:<br>1.Балаларға тәрбие және әдептілік турлы әңгімелеу<br>2.Тәрбие туралы өлең айту<br>3. Д/О: Жақсы-жаман қасиет.<br>**Вариативтік компонент**<br>**Мақсаты:**<br>а) Үш аю ертегісің түсіндіру.<br>ә) ертегіні айту арқылы баланың сөздік қорын дамыту.<br>б) қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Барысы:<br>1.Үш аю ертегісін айтып беру<br>2.ертегі бойынша сұрақ қою<br>3. Д/О: «Үлкен-кіші-кішкентай» | **Барысы:**<br>**1.**Сұрақ арқылы көктем туралы білімдерін бекіту.<br>2.Д/О: «Салқын-жылы»<br>3.Сергіту сәті<br>Қорытынды | пересказывать короткие произведения.<br>Барысы:<br>1.Қарапайым сұрақ қою, жауап алу көктем мезгілі туралы<br>2. Д/О: «Чудесный мешочек»<br>3.Сергіту сәті<br>Қорытынды<br>**Аппликация.**<br>**Мақсаты:** Балаларға шаршының бұрыштарын дұрыс дөңгелету тәсілімен шеңберді кесуге, бұрышты екіге бөлуге, бөліктерден шеңберді, жартышеңберді жіңішке жолақтан ашылған және ашылмаған гүлдердің суретін салуға үйрету. Жапсыру барысында бір түстің екі рет қолдану, мұқият жапсырудың тәсілдерін бекіту.<br>Барысы:<br>**Барысы:**<br>1.Шаттық шеңбері<br>2.Д.О.№4.4 «Кемпірқосақ» | ерекшеліктерін көрсету. Мазмұнды композиция салу, дағдыларын дамыту.<br>**Барысы**<br>1.Шаттық шеңбері<br>2.Сұрақ-жауап<br>3.Д.О: №4.7 «Жылы және суық түстер»<br>4. Заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салу<br>5.Сергіту сәті<br>Қортындылау<br>**Вариативтік компонент.**<br>**Мақсаты:** Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру. Ертегіні сахыналауға үйрету. Достыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.<br>**Барысы:**<br>1. Балалармен шағын әңгіме жүргізу.<br>2. Ертегіні сахыналау «Қасқыр мен жеті лақ»<br>3.Қ.О: №1.29. «Қасқыр мен лақтар»<br>4.Достық туралы 2 мақал |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы түсінік беру. Домбыра аспабының ерекшеліктерін түсіндіру. Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту.<br>**Барысы**<br>Ән тыңдау: «Саржайлау» (М. Мақатаев, Ш. Қалдаяқов)<br>Дауыс жаттығуы: «Домбыра үні»<br>Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев, Х. Талғаров)<br>Музыкалық ырғақты қимыл: «Домбыра» биі | | | 3. Сұрақ жауап.<br>4. Заттың бейнелерін құрастырып содан кейін оны желімдеу.<br>5.Сергіту сәті<br>Қортындылау. | жаттау.<br>Қортындылау. |
| **Серуен:** | **1. Бақылау.** Ауа райын бақылау.<br>Мақсаты:ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі | **1.Бақылау.** Күннің көзін бақылау.<br>Мақсаты: балаларға күннің сәулесінің пайдасын түсіндіру , өсімдіктер мен | **1. Бақылау.** Құстарды бақылау.<br>Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету. Торғай мен сауысқанның айырмашылығын табуға | **1. Бақылау.** Аула сыпырушы еңбегін бақылау.<br>Мақсаты: Аула сыпырушының құралдарымен таныстыру, олардың неге ? | **1. Бақылау.** Күнді бақылау.<br>Мақсаты: Күннің сәуле шашуын, жер бетін жылытуын бақылату. Күннің көзі мен |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану.<br>**2. Қимылды ойындар:** «Мысық пен тышқан» , «Не өзгерді?»<br>Мақсаты: Ептілікке баулу.<br>**3. Жеке жұмыс.**Аспан туралы жұмбақтар шешу.<br>**4. Еңбек.** Телімдегі қағаз- қоқыстарды жинау.<br>**5. Жұмбақ.** Орақ болып туады,<br>Табақ болып тұрады. (ай)<br>Жымыңдатып көздерін,<br>Түнде алыстан жанады.<br>Таң атқанда өздері,<br>Жасырынып қалады. (жұлдыздар)<br>Желмен ұшып жетеді,<br>Желмен ұшып кетеді. (бұлт) | жәндіктер, барлық тірі табиғат үшін маңыз-дылығын білгізу.<br>**2. Қимылды ойындар:** «Қояндар мен қасқыр», «Мысық пен тышқан» , «Күн мен түн»<br>Мақсаты: шапшаңдыққа үйрету.<br>**3. Жеке жұмыс.** 2-3 балаға жыл мезгілдерінің аттарын айтқызып үйрету.<br>**4. Еңбек.** Телімдегі ағаш қалдықтарын жинау.<br>**5. Көркем сөз:** Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды. (күннің көзі) | және олар туралы айта білуге жаттықтыру.<br>**2. Қимылды ойындар:** «Қуыспақ», «Мысық пен құстар».<br>Мақсаты: Шапшаң әрі ұқыпты қимылдауға үйрету.<br>**3. Жеке жұмыс**. Үш-төрт балаға тақпақ жаттату.<br>Торғай ағаш қорғайды.<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Таспен атып торғайды,<br>Қорғамасаң болмайды.<br>Ұя бұзған оңбайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар,<br>Құс өкпелеп кетеді.<br>Ағаштарды қорғайды.<br>Бақшамызға қонбайды.<br>**4. Еңбек**.Құстарға жем беру.<br>**5.Көркем сөз.** Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап.<br>Бөтегесі томпайып,<br>Шиық-шиық десіп отырады. | қалай ? қолданы-латынын білдіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге және олардан өнеге алып еңбекқор болуға тәрбиелеу.<br>**2. Қимылды ойындар:** «Ақ серек, көк серек», «Аққу-қаздар».<br>Мақсаты: шапшаңдыққа үйрету.<br>**3. Жеке жұмыс.** Еңбек туралы мақал жаттау.<br>Еңбегі аздың - өнбегі аз.<br>Еңбектің наны тәтті,<br>Жалқаудың жаны тәтті.<br>**4. Еңбек.**Аула сыпырушыға көмектесу.<br>**5. Көркем сөз**. Қанатты сөздер. | көлеңкедегі жердің қызуын салыстыру.<br>**2. Қимылды ойындар:** «Күн мен жаңбыр», «Кім түртті?».<br>Мақсаты: шапшаңдыққа үйрету.<br>**3.Жеке жұмыс**.Күн шыққанда екі-үш балаға жаттату<br>Май берейін, құрт берейін.<br>Күннің көзі шық,шық.<br>Алақай, алақай,<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты<br>**4. Еңбек.** Еріген суға жол ашу.<br>**5.Көркем сөз.** Арнау өлең оқу<br>Алақай, алақай !<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,дербес ойынәрекеті. Киімдерін әдемілеп жинап жәшіктеріне салып қоюға баулу. Өз-өздеріне қызмет жасау. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.<br><br>**Ойын- жаттығу:** Ас ішерде күнде біз<br>Сөйлемейміз күлмейміз<br>Астан басқа өзгені<br>Елемейміз білмиміз | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>Шынықтыру шарасы.<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Лақтарша біз ойнақтап<br>Тастан-тасқа секіріп<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі<br>Массаж жасау білеміз.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>**Ойын- жаттығу :**Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.Үстел барысында дұрыс отыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | Сюжетті-рөлдік ойын «Дүкенші»<br>«Дені саудың жаны сау» және тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру | Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»;<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»;<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау);<br>Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика | Сюжеттік-ойын «Дәрігер» ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес** | Ш.Әбілмансурге тәулік мерзімдері «таңертең, | Каринаға 5-ке дейін тура,кері санауды | Тореханға қайшыны дұрыс ұстауын дағдылау | 5-ке дейін Златаға санауды үйрету | Айзадаға суретті беттін үстінде дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жеке жұмыс** | күндіз, кеш, түн»(видео) жайлы түсініктерін калыптастыру. | үйрету. | | | орналастыруды көрсету |
| | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем мезгілінің ерекшелігі»(сурет карастыру) **Мақсаты**:карапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Әңгіме құрастыру «Көктемде келетін құстар?» **Мақсаты:**балалардың жабайы жануарлар туралы білімдерін арттыру. | Дидактикалық ойын «Ғажайып капшық» **Мақсаты:** баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу **Мақсаты:**карапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Дидактикалық ойын «Атын атап бер» **Мақсаты:**түсті қабылдауды және колдың ұсак моторикасын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Аанаң мен әкеңнің есімдерін ата», « Кімнің үйінде мысық бар?» және т.б. | | | | |
| **Балалардың үйге кайтуы** | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Психологтің кеңесі: мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Кеңес: Балалардың тәрбиесі үйден басталады. |

**Тәрбиеші:** Хасанова Ш.М. Дарибаева Н.Қ.

Тексерілді: [illegible]

Scanned by TapScanner